

"Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 17 ақпандағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 19 сәуірдегі № 82-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 17 ақпандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Мемлекеттік органдар тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

1 9

с ә у і р д е г і

№

8 2 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

«Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 17 ақпандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Еңбекмині	2012 жылғы сәуір
2.	Ұлттық біліктілік шеңберін бекіту туралы	Бұйрық	Еңбекмині, БҒМ, ДСМ	2012 жылғы қыркүйек

3.	Кәсіби стандарттардың құрылымын, оларды әзірлеу, қайта қарау, сынақтан өткізу және қолдану қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	Еңбекмині, БҒМ, ДСМ	2012 жылғы қыркүйек
4.	Салалық біліктілік шеңберін бекіту туралы	Бұйрық	Еңбекмині, БҒМ, ИЖТМ, ККМ, АШМ, МГМ, ДСМ, ҚТҮКШИА	2012 жылғы қыркүйек
5.	Кәсіби стандарттар тізілімінің нысанын бекіту туралы	Бұйрық	Еңбекмині, БҒМ, ДСМ	2012 жылғы қыркүйек
6.	Мамандардың біліктілік сәйкестігін растау және оларға біліктілік беру қағидаларын бекіту туралы	Бұйрық	БҒМ, ИЖТМ, ККМ, АШМ, МГМ, ДСМ, ҚТҮКШИА	2012 жылғы маусым
7.	«Жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына, еңбекақының жоғары мөлшеріне және жыл сайынғы ақылы қосымша еңбек демалысына құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін және оны қолдану жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 31 шілдедегі № 182-ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Бұйрық	Еңбекмині	2012 жылғы сәуір

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Еңбекмині – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

ККМ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

МГМ – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі

ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

ҚТҮКШИА – Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі